

Бір ғажабы 15 адамнан тұратын Алашорда үкіметінің үш бірдей мүшесі (Ә.Бөкейхан, Ә.Ермеков, Ж.Ақбаев) Ақтоғайдың төл перзенттері болуы Арқа елінің тектілігі мен топырағының қасиет тұнғандығының айғағы шығар[5,86].

Енді Әлекең жайлы зерттеу ісімен айналысып жүрген ғалым, тарихшыларға сөз берейік. Алаш қозғалысының белсенді өкілі, заңгер Әлімхан Ермековтің «Ол кісі Петроград университетінің орман-ағаш факультетін тәмамдаған. Заң факультетіне Ленинмен бірге экстернат болып емтихан тапсырған. Терең дария мұхиттай білімді ғалым болатын. Тоғыз тілде еркін сөйлеп, жаза білетін. Біздің ақыл-ойымыз Тоқырауын өзеніндей болса, Әлихан Бөкейханов Балқаш көліндей дария еді ғой!»- деген сөзінен өз заманының өте қабілетті, асқан білімді, сыйлы, беделді азаматы болғанын аңғарамыз.

1911 жыл «Айқап» журналының №5 санында Міржақып Дулатұлы: «Заманымызда қазақ үшін өмірін, білімін жұмсап, ауыр жазаларға кіріптар болып, жанын қиып жүрген күллі қазақ халқына бірінші дерлік жол басшымыз – Әлихан Бөкейханов» деп жазды.

Алаш қайраткерлерінің бірі - Қошмұхаммед Кемеңгерұлы 1924 жылы Мәскеуде жарық көрген «Қазақ тарихынан» атты очеркінде: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат болды. Бұл топты баулыған - Әлихан. Әлиханның қазақ еліне істеген тарихи қызметі: әдеби тіл тууына себеп болды, өзіне ерген топты діни фанатизмге тәрбиеледі. Бұдан барып татардан іргесін аулақ аулақ салған қазақ ұлты туды», - деп жазды[6,15-176].

Осындай дүниежүзін тәуелсіздік үшін күресудің соғыссыз саяси жолдарымен мойындатқан ғасыр қазағымның туған жері атамекені-Ақтоғай.Әлемде Әлихан Нұрмұхамедұлының саяси күрескерлігін, дария білімді ғалымдығын мойындаған, бағалаған саяси қозғалыстар да, қоғамдық ұйымда өте көп. Әлиханнаң есімі берілетін ғимараттар мен мекенжайлар да мол болары анық.Алайда, қазақтың Әлиханының туған жері біреу-ақ, ол – Арқадағы Ақтоғай[7,136].

Ә.Бөкейханның «Халық ісін орнына салуға көп ақыл,көп қызмет,көп жылғы шебер істеген әдіс керек» - дегендігін ескеріп,ұлт жолында жұмылған жұдырықтай бірігіп қызмет ете білсек, А.Байтұрсынұлы айтқандай: «Қатерлі жерде қаперсіз отырмай», жаһандану дәуірінде: «ғасырлар бойғы тұншыққан рухымыз бен әлсіреп, сөнуге таяған қазақылық келбетімізді» осы заманда жаңғырта білсек. «Оян қазақ! Көтер басты, өткізбей қараңғыда бекер жасты»деп, М.Дулатұлы ұрандағанындай: «рухани ұйқыда жүрген» қазақ бауырларымызды Ахаңның «Масасы» болып, «оята»білсек, онда алаш алыптарының идеясына сәл де болса үн қосқанымыз болар еді. Осындай игі жұмыстардың нәтижесінде ғана тәуелсіздігіміздің болашағы жарқын боларына сеніміміз кәміл болмақ!

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан ZAMAN-2016,17наурыз (№11112) 6-бет
- 2.Тіл-2016.№1.40-42 бет
- 3.Айқын-2016,2ақпан (№15) 8-бет
- 4.Егемен Қазақстан-2016,15сәуір (№71) 8-бет 5.Жүсіпов.С.А«Ә.Н.Бөкейхановтың өмірі мен әдеби-публистикалық мұрасы» 15-17 бет
- 6.Қазақстан мұрағаттары-2016 №2.9-11бет
- 7.Егемен Қазақстан-2016,15 сәуір (№71) 8-бет

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ЕЛІМІЗДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖОЛЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ

Жетписбаева Ж.Ж.

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент Кентбек С.К.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Баспасөз беттерінде өзін «қыр баласы» деп таныстырған, көпшілік жұрт оны «ұлт көсемі» деп білген.Қазақ ұлтының жоғын жоқтап, мұңын мұндаған, «тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген [1,17 бет.] Әлихан Бөкейхановтың туғанына биыл 150

жыл. Мерейтой Юнеско шеңберінде осы жыл кең көлемде аталып өтілуде. Бұл туралы ЮНЕСКО-ның 18 қарашада Парижде өткен Бас конференциясының 38-ші сессиясында жария етілген болатын. Юнеско аясында «Бүкіләлемдік дара тұлға» деп танылған Әлихан Бөкейханұлының Тәуелсіздік жолында алатын орыны ерекше. Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов (1866-1937) – XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға. Көрнекті қоғам және қайраткері, ұлт азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы. 1866 жылы наурыздың 5 бұрынғы Семей облысындағы Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысында (қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында) дүниеге келген. Халқымыздың біртуар перзенті Әлихан Бөкейхан Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымынан. Жасынан зерек, оқуды озат бітірген. Әлихан Бөкейхан Санкт-Петербург университетінің заң факультетін тәмамдап, бірнеше шетел тілін үйреніп білген, сөйтіп жиырма төрт жасында жоғары білімі жөніндегі екі дипломға бірі (Орман институты) ие болған, керемет білімді жас. Әлихан Бөкейханов Орман институтын бітіргеннен кейін Омбыға барады. Онда орман шаруашылығы училищесіне математика пәнінен оқытушы болып орналасады. «Степной край» газетінің қызметіне белсенді түрде араласып, оның редакция алқасы құрамына енді. Осы жылдары ол барлық студенттік қозғалыстарға белсене түрде араласып, әсіресе солшылдардың көзқарасына бейім болды. 1894-1926 жылдар аралығында ол төрт түрлі ғылыми зерттеу экспедициясының жұмысына қатысқан: Тобыл экспедициясы; В.Щербинаның жетекшілігімен жасалған экспедициялар; С.Швецов басқарған статистика-экономикалық экспедиция; сондай-ақ (1926) жылы ССРО Ғылым академиясының антропологиялық экспедициясы. 1896-1903 жылдары Щербина кейін С.Швецовтың экспедициясы жұмыстарына қатысты. Оның ойы бойынша, экспедиция жұмысына қатысу сол тарихи кезеңде халқы үшін ең зәру мәселеге айналған – жер қатынастарын тереңінен түсініп, белгілі бір тұжырымдарға келуге жағдай жасауға тиіс еді. Әлихан Бөкейхан экспедиция жұмысына қатысу барысында қазақ даласына байланысты Ресей империясының көздеген мақсатын бұрын өзі байқай бермеген жаңа қырынан көрді және отарлық биліктің таяу жылдары ірі шараларды іске асыруға даярлық жасап жатқанын көрді. Бүгінде Ә.Бөкейханды біздер қазақтың тұңғыш энциклопедисі деуімізге үлкен негіз бар. Қазақ зиялыларының мүлдем жаңа салаға көтерілуіне 1905 жылғы орыс төңкерісі ерекше ықпал етті. Студенттік және омбылық өмірінің алғашқы кезеңінде маркстік бағытта тұрған Бөкейханның саяси көзқарасы өзгерді. Ол қазақ даласын отарлау саясатына белсене кіріскен патша өкіметімен күрес жүргізу үшін әуелі бүкіл қазақ жұртының басын біріктіруді, сонымен қатар, орыс қоғамының ішінде ресми билікке қарсы тұрған саяси күштерге сүйенуді алға тартты. 1905 жылы маусым айының 26 жұлдызында ол қазақ зиялыларымен патша өкіметінің атына империяның отарлық орыстандыру саясатынан зардап шеккен қазақ халқының тілек-талаптарын білдіру мақсатында Санкт-Петербургке петиция жолдады. Петицияда қазақ жерінде адам құқығы аяққа тапталып, заңсыздық пен бассыздықтың шегіне шыққан орыс чиновниктерінің озбырлық әрекеттері көрсетіліп, болашақта келісімге келу арқылы қазақ даласындағы саяси және ұлт мәселелерін шиеленістірмей шешудің шаралары белгіленген еді. Атап айтсақ талаптарға мына мәселелер енді: «дінге қысым жасамау, қазақша мектептер ашу, Орталық Ресейден қоныс аударушыларды тоқтату».[2] Әлихан Бөкейхан Ресей жандармерия басқармасының назарына студенттік жылдары-ақ ілігіп, «саяси сенімсіздердің» қара тізіміне алынды. Патшалық Ресейдің биліктің озбыр саясатын жастайынан көріп, түйсініп өскен Әлиханның бойында отаршыл билікке ғана емес, жан алып, жан беріспей-ақ отарлық қамытты киюге мәжбүр еткен өз халқының жағдайын сол кезден бастап терең ойлаған 1917 жылдың қарашасында Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына қазақ жерінде сайлауға түскен үш партия – «Үш жүз», большевиктік социал-демократиялық жұмысшылар және «Алаш» партияларының ішінде жалғыз Алаш ұранды партия бақталастарын ойсырата жеңіп, 43 депутаттық мандатқа ие болды. Бұл тарихи сәт 1917 жылға қарай отарлықта қазақтың «Алаш» идеясы, туы және ұранымен ұлт болып қалыптасқанын аңғартқан сәт болды. «Алаш» идеясы қазақ ұлтшылдығының идеясы, ұраны болып, ұлттық бірлік пен қайта өрлеудің туы ретінде 1930 жылдардың соңына дейін салтанат құрып тұрды.

«Алаш» идеясы Әлихан Бөкейхановтың XX ғасыр басындағы ғылыми-публицистикалық шығармашылығы, ағартушылық, қоғамдық - саяси қызметі іс жүзінде қазақ халқының ұлттық-сана сезімін оятып, Алаш ұлттық идеясының маңайына бірігіп, Қазақ хандығының ыдырауынан кейін қайтадан бірегей ұлт болып қалыптасуына жеткізгені сөзсіз. «Алаш» идеясын алға тартқан Әлихан: қазақ ұлтшылдығы – ол өз ұлтын, тілін, мәдениетін, салт дәстүрін, ата-баба жерін, Отанды сүю, қорғау және амқор болу деп насихаттады. Ол соңғы демі біткенше туған қазақ халқының ата-баба жеріне деген, ұлттық мемлекет құрып, өзін-өзі басқаруға деген қасетті табанды түрде қорғап, сол үшін күресіп өтті. Сонымен қатар, 1917 жылдың желтоқсан айында Алаш ұлттық-территориялық автономиясын жариялап, оның төрағасы, премьер-министрі болып сайлана келе, Әлихан Бөкейхан бұдан былай қазақтың қайта құрылған елі көпұлтты, көпдінді және сан мәдениетті, бірақ көп мәдениетімен тұтас мемлекет болатынын болжады. Автономия жариялаудың қарсаңында «Қазақ» газетіне солай жазды да. [3, 20 бет.] Патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты жыл өткен сайын күшейіп, қазақ ішіне дендеп ене түсті, соның кесірінен хандық биліктің байырғы құрылымдары жойылып, қазақтың салт-дәстүрі мен мәдениетіне және оның өз жерінде дербес этнос ретінде өмір сүруіне қатер төнді. Патшалық биліктің озбыр саясатын жастайынан көріп, түйсініп өскен Әлихан бойында отаршыл билікке ғана емес, жан алып, жан беріспей-ақ отарлық қамытты киюге мәжбүр еткен өз халқының жағдайын сол бастан ойлаған. Алаш жетекшісі отаршыл империяны саяси тұрғыдан реформалап, федеративтік демократиялы мемлекетке айналдыру арқылы ғана қазақтың әуелі өзін-өзі билеп, кейін толық тәуелсіздікке қол жеткізуіне болады деп санады. Ол мұның ұзақ та азапты жол болса да, ең дұрыс жол екенін көре білді. Сондықтан да 1905 жылы «Халық бостандығы» немесе Конституциялық-демократиялық партияның (кадет) Ақмола облыстық және Омбы қалалық комитеттерінің ұйымдастырушылары мен жетекшілерінің бірі болды.

Әлихан Бөкейхан кезіндегі құдыретті Қазақ хандығының бірлігі мен күш-қуатынан айырылып, отарлық тәуелділікке қалай түскенін егжей-тегжейлі зерделеп шықты. Ол қазақ хандары мен сұлтандарының, ру көсемдері мен билерінің Ресей империясы өкілдерімен жазысқан хаттарын зерттей келе кейбірін газеттер мен арнайы жинақтарда жариялады. Сондай-ақ қазақтың тағы бір ерекше тұлғасы – Кенесары хан бастаған қарулы көтеріліс туралы ел аузындағы аңыз-әңгімелерді жинақтады. Әлихан Бөкейхан осы ізденстердің арқасында бірнеше тұжырымдарға келіп, өзінің ой қорытындысын жасады. «Алаш» қозғалысы жетекшісінің іс-қимылы мен рөліне қазақтың қазіргі заманғы тарихында алғаш рет, 1920 жылдары осылай баға берілді. Қошмұхаммед Кемеңгерұлы «Қазақ тарихынан» деп аталатын тарихи очеркінде: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде айдауында да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған - Әлихан», - деп жазды. [4, 21 бет.]

Халқымыздың тәуелсіздігі жолында «Жасасын Алаш!» деп ұран салып, қазаққа қалтқысыз қызмет еткен аяулы тұлға соңынан өшпейтін мұралар қалдырды. Олай болса, Әлихан Нұрмұхамедұлының көтерген идеялары бүгінгі жастардың бойында, олардың ой-санасында қайта жаңғырып жатыр, және ол мәңгі жасай бермек. Еліміздің біртуар ұлы Әлихан Бөкейханның Алаш идеясы еліміздің жарқын жолы болғандығы баршамызға аян, ел тәуелсіздігі жолында алатын орны ерекше екендігі хақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бөкейханов Ә.Н. Таңдамалы.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995-477б
2. «Алаш Туы астында – Күн сөнгенше сөнбейміз!» / Орталық Қазақстан// 25.08.2016/№134-135
3. Бөкейханов Ә.Н. Шығармалар.- Алматы: Қазақстан, 1994. - 384 б.
4. Қойшыбаев Б. Әлихан Бөкейханов.- Алматы: Жеті жарғы, 2001. - 157б .